

**"Мәдениет, мәдениет саласында білім беру, тілдерді дамыту, архив ісі және құжаттама, дене шынықтыру және спорт салаларындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі міндетін атқарушысының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 419 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 384 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 желтоқсанда № 18128 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексінің 139-бабының 5-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мәдениет, мәдениет саласында білім беру, тілдерді дамыту, архив ісі және құжаттама, дене шынықтыру және спорт салаларындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт Министрі міндетін атқарушысының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 419 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде № 13179 тіркелген, 2016 жылғы 11 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мәдениет, мәдениет саласында білім беру, тілдерді дамыту, архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету, дене шынықтыру және спорт салаларындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы";

1-тармақта:

1) тармақша мәтініне орыс тілінде өзгеріс енгізіледі, қазақ тілінде өзгермейді;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) осы бұйрықтың 3 қосымшасына сәйкес Архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімі";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мәдениет, мәдениет саласында білім беру салаларындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімінде:

тақырыбына орыс тілінде өзгеріс енгізіледі, қазақ тілінде мәтін өзгермейді;

Аббревиатуралардың толық жазылуында:

екінші және үшінші абзацтарға орыс тілінде өзгеріс енгізіледі, қазақ тілінде мәтін өзгермейді;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Архив ісі және құжаттама саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімі";

Аббревиатуралардың толық жазылуы мынадай редакцияда жазылсын:

"Республикалық маңызы бар ММ – бұл Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қарамағындағы архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы республикалық мемлекеттік мекемелері;

Облыстық маңызы бар ММ – бұл облыстық, астана, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдар қарамағындағы архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік мекемелері;

Аудандық маңызы бар ММ – бұл аудан, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдар қарамағындағы архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік мекемелері.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Дене шынықтыру және спорт саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімінде:

Аббревиатуралардың толық жазылуында:

бесінші және алтынша абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Республикалық маңызы бар МҚК – бұл Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қарамағындағы дене шынықтыру және спорт саласындағы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің "Республикалық спорт колледжі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынын, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің "Қазіргі бессайыстан және су спорты түрлерінен олимпиадалық даярлау орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынын , Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің "Алатау" қысқы спорт түрлері бойынша республикалық жоғары спорт шеберлігі мектебі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынын қоспағанда;

Облыстық маңызы бар МҚК – бұл облыстық, астана, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдар қарамағындағы дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары, соның ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің "Республикалық спорт колледжі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің "Қазіргі бессайыстан және су спорты түрлерінен олимпиадалық даярлау орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің "Алатау" қысқы спорт түрлері бойынша республикалық жоғары спорт шеберлігі мектебі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны;".

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Экономика және қаржы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) қолданысқа енген күннен кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрі*

*А. Мұхамедиұлы*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрлігі